

**«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ**  
**ЖАТАҚХАНАҒА ОРНАЛАСТЫРУ ЖАДЫНАМАСЫ**

**ЖАТАҚХАНАҒА ОРНАЛАСТЫРУ ТӘРТІБІ:**

Өтініштер «Platonus» ААЖ (<https://platonus.kazatu.kz>) жеке кабинеті арқылы қабылданады және әлеуметтік жағдайын (бар болған жағдайда) растайтын анықтама көшірмесі тіркеледі.

**ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР:**

- Жеке куәлік көшірмесі – 1 дана;
- Фотосурет (3x4) - 2 дана;
- 18 жасқа толмаған білім алушыға нотариалды түрде куәландырылған ата-ананың сенім хаты (Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында ересектердің еріп жүруінсіз келіктің кез келген түрімен еркін және өз бетінше жүруге) ;
- Флюорография көшірмесі – 1 дана (2,3,4 және 5 курстар үшін);
- Медициналық қызметкердің жатақханаға орналастыруға рұқсат берген анықтамасы (әр жатақхана ішінде ұйымдастырылады);
- Жатақханада тұру және INTERNET қызметін пайдалану үшін төленген төлемақы түбіртектері.

**ЖАТАҚХАНАЛАР МЕКЕН-ЖАЙЫ:**

| Жатақхана | Мекен-жайы                   | Телефон  | Факультеттер  |
|-----------|------------------------------|----------|---|
| №5        | Ә.Молдағұлова көшесі, 29В    | 39-71-99 | Агрономия<br>Орман шаруашылығы, жабайы табиғат және қоршаған орта<br>Экономикалық                             |
| №6        | Армандастар көшесі, 2А       | 43-67-09 | Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы   |
| №7        | Ә.Молдағұлова көшесі, 29     | 39-72-79 | Техникалық  |
| №8        | Ә.Молдағұлова көшесі, 29Д    | 49-51-73 | Жер ресурстарын басқару, сәулет және дизайн<br>Компьютерлік жүйелер және кәсіптік білім беру<br>Энергетикалық |
| №1А       | Сарыарқа даңғылы, 38         | 44-45-90 | Барлық  |
| №2А       | Ә.Молдағұлова көшесі, 29А    | 39-83-49 | Барлық  |
| №3        | Щучинск қ., Киров көшесі, 60 |          | Барлық  |
| №4        | Ә.Молдағұлова көшесі, 29Г    | 31-07-15 | Барлық  |

**Ескерту**

Жатақханада тұру ақысын төлеу реквизиті!  
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті КеАҚ  
Астана қ., Жеңіс, 62  
ИИК KZ446010111000037373 КБЕ 16 БИН 070 740 004 377  
«Қазақстан халық банкі» АҚ БИК HSBKZKX  
ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәлік  
Серия 62001 №0003805 20.10.2009ж.

Жатақханада тұру ақысын 10 айға(қыркүйек-маусым) төлеу керек.  
Төлемді HALYK BANK және Kaspi Bank қосымшалары арқылы жасауға болады.  
Төлем жасауда «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» деп қатесіз көрсетілу керек.

INTERNET қызметін пайдалану ақысын төлеу реквизиті (айына 1100теңге)  
ТОО «Центральная Азия Телеком»  
БИН 110540002264  
KZ356010111000235318 (KZT)  
БИК HSBKZKX  
«Қазақстан халық банкі» АҚ  
INTERNET қызметін пайдалану үшін 10 айға (қыркүйек-маусым) төлеу керек.  
Төлемді HALYK BANK және Kaspi Bank қосымшалары арқылы жасауға болады.  
Төлем жасауда «Центральная Азия Телеком» деп қатесіз көрсетілу керек.

**ЖАТАҚХАНАҒА ОРНАЛАСТЫРУ КЕСТЕСІ:**

|                                 |                      |
|---------------------------------|----------------------|
| 1 курс                          | 12-25 тамыз аралығы  |
| 2 курс                          | 26-27 тамыз аралығы  |
| 3,4,5 курстар                   | 28-29 тамыз аралығы  |
| Магистранттар және докторанттар | 1-9 қыркүйек аралығы |

Жатақханаға құжаттар «Platonus» ААЖ арқылы 2024 жылдың 12 тамызынан бастап қабылданады.

Білім алушыларды жатақханамен қамтамасыз ету

**АХУАЛ ОРТАЛЫҒЫ**

Астана қ. Жеңіс, 62 бас оқу ғимараты 1 қабат (кітапхана)  
сағат 09:00 – 18:00 аралығында жұмыс жасайды

**CALL-CENTER**

+7 775 88 00 559  
+7 701 530 97 54  
+7 702 414 15 99  
+7 705 373 61 70  
+7 778 943 03 94

## Жатақханадан орын алу үшін өтініш беруге НҰСҚАУЛЫҚ

"Platonus" ААЖ жүйесіндегі жеке кабинетіңізді ашу керек  
(<https://platonus.kazatu.kz>)

Өтініш беру

Жатақханадан орын беруге өтініш беру үшін "Platonus" жүйесінен: «Жатақхана» бөлімінің «Өтініш беру» пунктін ашасыз;

**1-қадам.** Өтініш берер алдында жатақхананы жалға алу ережелерімен танысу керек. Ол үшін ашылған өтініш беру парақшасынан «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ-да білім алушыларға жатақхана беру тәртібі туралы ережесі» сілтемесіне басу қажет.

**2-қадам.** Ережелермен танысқаннан кейін, өтінішті жасақтау үшін сол беттегі «Құру (Создать)» батырмасын басу керек.

**3-қадам.** Ашылған беттен «Жатақханадан орын беруге өтініш» деген құжат түрін таңдап, ұялы байланыс телефон нөмірін толтырып, өтініштің мәтінін енгізіп және «Сақтау» батырмасын басасыз. Осыдан кейін жүйе өтінішті сәтті сақтау туралы хабарламаны көрсетеді және қажетті құжаттарды тіркеуге мүмкіндік береді.

**4-қадам.** Ашылған беттің төменгі жағындағы «қоса берілген құжаттарды (PDF) белгілеу» бөлімінен құжаттарды жүктейсіз (ескерту: қажет болған жағдайда).

**5-қадам.** Өтінішке қоса тіркейтін құжаттардың жанына белгі қоясыз.

**6-қадам.** «Файлды жүктеу» батырмасын басу арқылы құжаттардың сканерленген нұсқасын жүктейсіз.

**7-қадам.** «Мен ұсынған мәліметтер мен құжаттардың дұрыстығын растаймын. Жатақханада тұру ережелерімен және шарттарымен, сондай-ақ, тұру ақысын төлеу тәртібімен және мерзімдерімен таныстым және келісемін» деген жолға белгі қоясыз.

**8-қадам.** Осыдан кейін «Өтінім беру» батырмасын басасыз.

**9-қадам.** Ашылған тіл қатысу терезесінде өтінішті өңдеуге жіберу әрекетін растайсыз. Жүйе сізге «Жатақханаға орын беру туралы өтініш тексеруге жіберілді» деген ақпараттық хабарламаны көрсетеді.

**10-қадам.** Беттің жоғарғы жағында «Артқа» сілтемесін басу арқылы өтініш беру бетіне ораласыз.

«Мәртебе-статус» бағанынан талапкер / білім алушы өз өтінішінің қабылдануын бақылай алады.

Өтінішке «Мақұлданды» мәртебесі пайда болған кезде, білім алушы «Жатақхана беру туралы жолдама» файлын жүктеп алып, көрсетілген жатақханаға баруың керек.